

Издается с 20 декабря 1999 года

# Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

26 июня  
2024 года  
СРЕДА  
№ 51 (1651)

ТЕМА НОМЕРА:

САРАНДА ОБЛЫС  
АРДАГЕРЛЕРІНІҢ  
КӨШПЕЛІ  
СЕМИНАР-КЕҢЕСІ ӨТТІ

СТРБ

Читайте нас на сайте [sarangazeti.kz](http://sarangazeti.kz), а также в  [saran\\_today](https://www.instagram.com/saran_today), [saran\\_gazeti](https://www.instagram.com/saran_gazeti)  [sarangazeti](https://www.facebook.com/sarangazeti)

## ГЛАВА ГОСУДАРСТВА ПРОВЕЛ ТЕЛЕФОННЫЙ РАЗГОВОР С ПРЕЗИДЕНТОМ РОССИИ



В ходе телефонного разговора Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев выразил соболезнования Президенту России Владимиру Путину и всему российскому народу в связи с человеческими жертвами в результате террористических актов в Дагестане.

Глава нашего государства подчеркнул, что Казахстан решительно осуждает любые проявления жестокости и насилия, направленные против благополучия мирных граждан, рассматривая их как серьезную угрозу региональной и международной безопасности.

Стороны отметили важность продолжения тесного взаимодействия по борьбе с терроризмом и экстремизмом, а также консолидации усилий в рамках авторитетных международных организаций.

Президенты также обменялись мнениями по вопросам дальнейшего развития казахско-российских отношений стратегического партнерства и союзничества, а также обсудили повестку дня предстоящего Саммита Шанхайской организации сотрудничества в Астане.  
**akorda.kz**

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ – ҚОҒАМ АЙНАСЫ



## ҚАЛА ӘКІМІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІ МАРАПАТТАДЫ



Саран қаласының әкімі Еркін Баулықов мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мерекесімен құттықтады.

23 маусым күні - мемлекеттік қызметшілер күні. Осы атаулы күнмен Саран қаласының әкімі Еркін Баулықов мемлекеттік қызметшілерді құттықтап, еселі еңбектері мен қаланың гүлденуіне, өркендеуіне қосқан үлестеріне алғысын білдірді.

Салтанатты марапаттау шарасында Қазақстан Республикасы жеңіл өнеркәсібінің дамуына қосқан елеулі үлесі үшін Татьяна Кулагина өнеркәсіп және құрылыс Министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды. «Саран қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Галина Аманбекова мен персоналды басқару қызметінің бас инспекторы Марина Чагопкинаға Қарағанды облысы әкімінің



Құрмет грамотасы табыс етілді. Қарағанды облысы ішкі саясат басқармасы басшысының Алғыс хаты Саран қаласының ішкі саясат бөлімінің басшысы Галия Туртбаеваға берілді.

Қала әкімі аппаратының ұйымдастыру және бақылау жұмысы бөлімінің басшысы Динара Шакеткеноваға, ақпараттық технологияларды дамыту және мемлекеттік қызметкер көрсету сапасының мониторингі бөлімінің бас маманы Ольга Ануарбековаға, қала әкімі аппаратының бас инспекторы, бас бухгалтері Виктория Штайнмец пен қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы Айдын Мұқтарға Саран қаласы әкімінің Құрмет грамотасы табысталды.

**Дина ӘБДІҒАЛИЕВА**

## РОМАН СКЛЯР ПРОВЕРИЛ ПОДГОТОВКУ К ОТОПИТЕЛЬНОМУ СЕЗОНУ В КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ



В продолжение рабочей поездки по Карагандинской области первый заместитель премьер-министра Роман Скляр ознакомился с ходом ремонтных работ на источниках теплоснабжения в городах Караганда и Темиртау.

В Караганде к началу отопительного сезона будет введен в эксплуатацию третий тепловывод. Он обеспечит качественным теплом новостройки Юго-Востока и разгрузит имеющиеся сети. Трубопровод протяженностью 22 км в две нитки прокладывают от ТЭЦ-3.

Используются предизолированные трубы отечественного производства.

Первого вице-преьера проинформировали о графике и ходе работ. Подрядчиком привлечено 35 единиц спецтехники: погрузчики, экскаваторы, бульдозеры, самосвалы. Построено четыре насосные станции, сейчас устанавливаются необходимое оборудование.

Далее в городе Темиртау Роман Скляр ознакомился с ходом строительства седьмого котла на ТЭЦ-2 АО «Qarmet» и с ремонтной кампанией на КарГР-

ЭС-1.

Первому вице-премьеру доложили, что седьмой котел на ТЭЦ-2 планируют сдать в начале отопительного сезона. Его запуск даст дополнительно 80 Гкал тепловой мощности. В настоящее время готовность объекта составляет 70 %.

Роман Скляр поручил в срок сдать седьмой котел, осуществлять ежедневный контроль за работами и в случае возникновения проблем тут же сообщать.

«О любых проблемах, которые могут затормозить ход строительства, сообщайте. Мы немедленно будем реагировать. В прошлом году город с населением 180 тысяч без резерва вошел в отопительный сезон. Сдать в срок седьмой котел – это очень важная задача», – отметил первый заместитель премьер-министра.

КарГРЭС-1 снабжает тепловой энергией жителей старой части города. Из-за изношенности оборудования минувшей зимой происходили перебои в подаче тепла. Запланирован текущий ремонт двух котлов и одного турбогенератора, а также капитальный ремонт одного котла. Руководство предприятия

сообщило, что работы идут по графику, в отопительный сезон станция войдет с двумя котлами и двумя турбинами, третий котел будет находиться в резерве.

Роман Скляр подчеркнул, что необходимо всё сделать качественно и в срок и предупредил об ответственности за срыв отопительного сезона.

Аким Темиртау Ораз Таурбеков доложил о подготовке к новому отопительному сезону. В городе идет реконструкция тепломагистралей. Впервые в этом году будет отремонтировано и 30 км внутриквартальных сетей.

Первого вице-преьера проинформировали о восстановлении трамвайного парка. Уже начали прокладывать новые трамвайные пути от заводууправления до проспекта Республики.

Полностью заменят электрическую часть, отремонтируют депо. Ожидается поставка новых вагонов. Запустить трамвайное сообщение планируют в этом году.

Всего в Темиртау реализуют около 90 инфраструктурных проектов в сфере ЖКХ, дорожной отрасли и жилищном строительстве.

**gov.kz**

Саран қалалық мәслихатының 2024 жылғы 13 маусымдағы 13 сессиясының № 126 шешімі  
2024 жылғы 19 маусым № 6609-09 Қазақстан Республикасының Әділет департаментінде тіркелді

**Саран қаласы мен Ақтас кентінде тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібін айқындау туралы»  
Саран қалалық мәслихатының 2024 жылғы 28 наурыздағы № 103 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Саран қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚА-БЫЛДАДЫ:

1. Саран қалалық мәслихатының «Саран қаласы мен Ақтас кентінде тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» 2024 жылғы 28 наурыздағы № 103 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6578-09 болып тіркелді) келесі өзгеріс енгізілсін:

1-қосымшаның 5 тармағы келесі редакци-

яда жазылсын:

«5. Тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде әр адамға кемінде 15 (он бес) шаршы метр және көп дегенде 18 (он сегіз) шаршы метр пайдалы алаң, бірақ кемінде бір бөлмелі пәтер немесе жатақханадағы бөлме мөлшеріндегі аудан нормасы қабылданады.»

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Саран қалалық мәслихатының төрағасы

О. Баймаганбетов

Решение 13 сессии Саранского городского маслихата от 13 июня 2024 года № 126

Зарегистрировано Департаментом юстиции Республики Казахстан от 19 июня 2024 года № 6609-09

**О внесении изменения в решение Саранского городского маслихата от 28 марта 2024 года № 103 «Об определении размера и порядка оказания жилищной помощи в городе Сарани и поселке Актас»**

Саранский городской маслихат РЕШИЛ:

1. Внести в решение Саранского городского маслихата от 28 марта 2024 года № 103 «Об определении размера и порядка оказания жилищной помощи в городе Сарани и поселке Актас» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 6578-09) следующее изменение:

пункт 5 приложения 1 изложить в следующей редакции:

«5. При назначении жилищной помощи принимается норма площади в размере не менее 15 (пятнадцати) квадратных метров и не более 18 (восемнадцати) квадратных метров полезной площади на человека, но не менее однокомнатной квартиры или комнаты в общежитии.»

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Председатель Саранского городского маслихата

О. Баймаганбетов

Саран қалалық мәслихатының 2024 жылғы 13 маусымдағы 13 сессиясының № 127 шешімі

2024 жылғы 19 маусым № 6610-09 Қазақстан Республикасының Әділет департаментінде тіркелді

**Саран қалалық мәслихатының «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және Саран қаласы мен Ақтас кентінің мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» 2023 жылғы 23 қарашадағы № 75 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Саран қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚА-БЫЛДАДЫ:

1. Саран қалалық мәслихатының «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және Саран қаласы мен Ақтас кентінің мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» 2023 жылғы 23 қарашадағы № 75 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6520-09 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және Саран қаласы мен Ақтас кентінің мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда мазмұндалсын:

«1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты «бір терезе» қағидаты бойынша ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;»

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Саран қалалық мәслихатының төрағасы

О. Баймаганбетов

Решение 13 сессии Саранского городского маслихата от 13 июня 2024 года № 127

Зарегистрировано Департаментом юстиции Республики Казахстан от 19 июня 2024 года № 6610-09

**О внесении изменения в решение Саранского городского маслихата от 23 ноября 2023 года № 75 «Об утверждении Правил оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Сарани и поселка Актас»**

Саранский городской маслихат РЕШИЛ:

1. Внести в решение Саранского городского маслихата от 23 ноября 2023 года № 75 «Об утверждении Правил оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Сарани и поселка Актас» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 6520-09) следующее изменение:

в Правилах оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Сарани и поселка Актас, утвержденных указанным решением:

подпункт 1) пункта 2 изложить в следу-

ющей редакции:

«1) Государственная корпорация «Правительство для граждан» (далее – Государственная корпорация) – юридическое лицо, созданное по решению Правительства Республики Казахстан для оказания государственных услуг в соответствии с законодательством Республики Казахстан, организации работы по приему заявлений на оказание государственных услуг и выдаче их результатов услугополучателю по принципу «одного окна», обеспечения оказания государственных услуг в электронной форме;»

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Председатель Саранского городского маслихата

О. Баймаганбетов

ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ - ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

## ӘДІЛ ҚАЗАҚСТАН

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Әділ Қазақстанды» құру үшін тек саяси және экономикалық реформалар жеткіліксіз. Біріншіден, біз азаматтардың қоғамдық санасы мен ұмтылысын өзгертуіміз керек, онсыз барлық басқа күш-жігер пайдасыз болады. Ұлттың жаңа қасиеттерін қалыптастыру біздің еліміз үшін ерекше маңызға ие. Барлық азаматтар, әсіресе жастар, ең жақсы қасиеттерді бейнелеуі керек, өйткені олардан қоғам құндылықтарының жалпы жүйесі қалыптасады. Егер әркім патриотизмді, білімге деген құштарлықты, еңбекқорлықты, тәртіпті, жауапкершілікті, әділдікті, үнемшілдікті және ынтымақтастық сезімін көрсетсе, онда біздің еліміз үшін қол жетпейтін мақсаттар болмайды».

Мемлекет басшысы: «Адал азамат» тұжырымдамасының терең мағынасында Абайдың «Мінсіз адам» туралы

ілімі жатыр. Әділ Қазақстан мен «Адал азамат» ұғымдары іргелі құндылықтар ретінде әрқашан өзара байланысты болуға тиіс екенін тағы да атап өткім келеді. Әділеттілікке қол жеткізу мүмкін емес. Егер әрбір азамат өз әрекеттері мен сөздері үшін жауап берсе, онда елде әділеттілік орнайды. Біздің барлығымыздың ортақ Отанымыз – Қазақстан. Елімізді мықты әрі табысты ету біздің қолымызда. Туған жерді қорғау және дамыту, ата – бабаларымыздан қалған байлықты қорғау-біздің қасиетті міндетіміз.

Мен әрбір азаматты осы жоғары миссияны қабылдауға шақырамын. Біртұтастықты сақтау, көп жұмыс істеу және дамыған мемлекетті келесі ұрпаққа беру үшін елімізді өзгерту-бұл ата-бабалар өсиеттерінің шынайы орындалуы».

Ж. Нұрахметова,  
бас маман

«Социальный центр поддержки семьи»

Общественное Объединение «Мир Добра»

Категория семей, обслуживаемых в центре:

- лица (семьи), признанные нуждающимися в специальных социальных услугах в связи с жестоким обращением;
- лица (семьи), социальное благополучие которых отнесено к неотложному и кризисному уровню;
- семьи с четырьмя и более совместно проживающими несовершеннолетними детьми, попавшими в трудную жизненную ситуацию;
- семьи, находящиеся в трудной жизненной ситуации, воспитывающие ребенка с инвалидностью.
- Семьи, находящиеся на учете службы пробации и освобожденные из мест лишения свободы.

Услуги, оказываемые в центре:

Консультация по государственным программам, психологическая помощь членам семьи, сопровождения системы ювенальной юстиции, юридическая консультация по вопросам алиментов, распределения имущества, заключение медиативных, мировых соглашений с семьей, разъяснительная работа по профилактике семейно-бытового насилия, работа с пострадавшими от бытового насилия.

Консультируют специалисты социальной сферы, психолог, юрист, нарколог (по необходимости), медиатор, инспектор по защите женщин от насилия.

Адрес, город Сарань, ул. Чкалова 3/2 (здание автостанции)

"Социальный центр поддержки семьи"  
Общественное Объединение «Мир Добра»



Сарань

МАҢЫЗДЫ

# ДЕКЛАРАЦИЯ ТАПСЫРУДЫ ҰМЫТПАҢЫЗ!

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

**Биыл Қазақстанда жалпыға бірдей декларациялаудың үшінші кезеңі басталды. Яғни, 2024 жылы кәсіп иелері мен олардың жұбайлары 250.00 нысан бойынша салық есебін өткізуге міндетті.**



Бәрімізге мәлім, елімізде «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №121-VI ҚРЗ Заңының 45-1-бабының негізінде жалпыға бірдей декларациялау 4 кезең бойынша енгізіліп жатыр.

2021 жылы 1-кезеңі басталып, оны мемлекеттік қызметшілер мен олардың жұбайлары бірінші болып тапсырса, 2023 жылы 2-кезеңі қолға алынып, онда мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері, яғни, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және т. б. салаларында қызмет ететін азаматтар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлері және олардың жұбайлары қамтылды. Биыл 3-кезеңінде заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары (қатысушылары) және жеке кәсіпкерлермен олардың жұбайлары тапсыруы тиіс.

Бүгінде Саран қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы жалпыға бірдей декларациялауды қала тұрғындарына түсіндіру бойынша аянбай қызмет етуде. Жүргізіліп жатқан жұмыс бабымен танысу мақсатында таяуда Саран қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Біржан Копеевпен кездесіп, аз-кем сұхбаттасқан болатынбыз.

**Біржан Амандықұлы, декларацияны қалай тапсырады?**

- Декларацияны «e-salyq Azamat» мобильді қосымшасы арқылы немесе салық төлеушілер кабинеті және eGov электрондық үкімет порталы арқылы тапсыруға болады. Саран қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына келіп те тапсыра аласыздар. Біздің мамандар көмектесіп, түсінбеген тұстарын түсіндіріп береді.

**Декларацияны қай уақытқа дейін тапсыру керек? Егер де үлгермеген жағдайда қандай шаралар қабылданады?**

Бұрын декларацияны қағаз түрінде 15 шілдеге дейін тапсыру керек болса, электронды түрде 15 қыркүйекке дейін үлгеру керек болған. Қазір өзгерістер енгізіліп қағаз түрінде де, электронды түрде де 2024 жылдың 15 қыркүйегіне дейін тапсыру қажет. Егер де көрсетілген уақытқа дейін декларацияны тапсыруға үлгермесеңіз, онда бұл тәртіп бұзушылыққа жатады. Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 272 бабы бойынша салық нысандағы декларацияны уақытылы ұсынбағаны үшін бірінші рет болған жағдайда ескерту беріледі, алайда бір жыл ішінде екінші рет қайталанса жеке тұлғаларға 15 айлық есеп көрсеткіште айыппұл салынады.

**Декларацияны тапсырғанда қандай мәліметтер көрсетіледі?**

- Декларацияны бірінші рет тапсырып жатқан азамат ең алдымен 250.00



нысан бойынша активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсынады. Яғни, бұны басқаша айтқанда «кіру немесе тіркелу декларациясы» дейміз. Кейін екінші рет тапсырған уақытта 270.00 нысан бойынша тапсыруы тиіс. 250 нысандағы декларацияда шет мемлекетте тіркелген жылжымайтын мүлік, шет мемлекетте тіркелген көлік, арнайы техника, шетелдік банктен банктік шоттардағы ақша, шетелдік компаниялардың және қазақстандық компаниялардың бағалы қағаздары, сенімгерлік басқаруға берілген мүлік, инвестициялық алтын және қолма-қол ақша 10 мың АЕК-тен асатын болса онда оны да көрсету керек. Осы тұста бір атап өтетін жайт, барлық көрсетілген ақпараттардың қауіпсіздігі жан-жақты сақталады.

**Қазіргі таңда Саран қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында қандай жұмыстар атқарылуда?**

- Декларацияның негізгі мақсаты - сыбайлас жемқорлықпен күрес және көлеңкелі экономиканы жою. Осы бағытта біз қазір тұрғындармен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жүрміз. Түрлі брифингтер, семинарлар, «saran\_mkb» инстаграм әлеуметтік желісінде тікелей эфирлер ұйымдастырамыз. Тұрғындарға есігіміз әрдайым ашық. Кез келген адам мамандардың көмегіне жүгіне алады. Бізде, сондай-ақ,



қабылдау күндері бар. Өзім бейсенбі күні қабылдасам, орынбасарым сейсенбі күні қабылдайды.

**Біржан Амандықұлы, уақытыңызды бөліп бізге сұхбат бергеніңізге көп рақмет.**

Осы тұста жаза кетсек, Саран қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына аналар балаларымен де келе алады. Кішкентай қала тұрғындары үшін бөлек бұрыш дайындалып, ыңғайлы етіп жасалған.

Сұхбат барысында мемлекеттік кірістер басқармасына декларация тапсыруға келген қала тұрғыны Хамит Әбішпен тілдесуге де үлгердік. Оның қызмет жүйесіне берген бағасы жоғары болды. Сөз арасында көңілінен шыққанын да атап өтті.

**СПОСОБЫ ПРЕДСТАВЛЕНИЯ ДЕКЛАРАЦИИ ОБ АКТИВАХ И ОБЯЗАТЕЛЬСТВАХ**

**В электронном виде**

через:

- web-портал Комитета государственных доходов «Кабинет налогоплательщика» **cabinet.salyk.kz**
- веб-портал «электронного правительства» **egov.kz**
- мобильные приложения БВУ **e-SalyqAzamat** **eGov mobile**
- Банк ЦентрКредит - **BCC.KZ**
- HalykBank - **HALYK**

(ЭЦП ключ не требуется, можно представить с помощью SMS-пароль)

**На бумажном носителе**

- в органы государственных доходов в явочном порядке
- ЦОН • по почте заказным письмом

Проверить наличие активов и обязательств в Казахстане можно по следующим сайтам:

- по ценным бумагам <https://portal.kacd.kz>;
- по договорам о долевом участии в жилищном строительстве <https://homeportal.kz>;
- по объектам интеллектуальной собственности, авторского права <https://gosreestr.kazpatent.kz>;
- по имуществу, переданному в доверительное управление [https://egov.kz/cms/ru/services/pass077\\_mu](https://egov.kz/cms/ru/services/pass077_mu);
- по наличию Дт/Кт задолженности (договор займа) необходимо направить запрос в Республиканскую нотариальную палату посредством системы Doculite.

После представления Декларации об активах и обязательствах в 2025 году, с 2026 года возникнет обязательство по ежегодному представлению Декларации о доходах и имуществе (форма 270.00)

Комитет государственных доходов  
Министерства финансов  
Республики Казахстан

[universal\\_declaration\\_kz](https://universal_declaration_kz)  
«Всеобщее декларирование в РК»  
[kgd.gov.kz](https://kgd.gov.kz)  
раздел «Всеобщее декларирование»

Комитет государственных доходов  
Министерства финансов  
Республики Казахстан

**ВСЕОБЩЕ  
ДЕКЛАРИРОВАНИЕ  
В КАЗАХСТАНЕ**

**ДЕКЛАРИРУЙ  
ДЛЯ БУДУЩЕГО**

# СДЕЛАЮТ РУКИ ШВЕИ ЗОЛОТЫЕ...

Татьяна СТРЕЛЬЧУК

Героиня данной статьи личность невероятно творческая, и ее профессия ей под стать. Я счастлива оттого, что мне довелось познакомиться с ней, узнать историю ее успеха, и секреты ее женского счастья. Швея, более чем с 40 - летним стажем, Бейспекова Шолпан Камзеевна не останавливается на достигнутом и продолжает дарить нам красоту в самом высоком смысле этого слова. Конечно, сейчас в магазинах очень большой выбор одежды и аксессуаров, но услуга шитья на заказ по-прежнему актуальна, потому что она эксклюзивна и уникальна.



Ведь именно эта одежда дарит нам ощущение неповторимости, подчеркивает нашу индивидуальность.

Вашему вниманию предлагаются фрагменты беседы с ней:

**Уважаемая Шолпан Камзеевна, расскажите немного о себе.**

- Я родилась в поселке Дубовка в многодетной семье. Нас у родителей было семеро. Подрастали, помогали по хозяйству по мере своих сил, и были по-настоящему счастливы, потому что рядом были и папа и мама. В любой момент можно было прижаться к маме, поделиться секретами, и выслушать советы отца. Но когда мне исполнилось 9 лет, не стало папы. И мы как-то сразу все повзрослели. Мама старалась обеспечить нас всем необходимым, но не все было так просто. Школа помогала поднимать нас, оказывая материальную помощь. Очень стеснялась этого, и поставила себе цель вырасти и одевать себя и всех моих близких в самые красивые одежды, сшитые своими руками, чтобы они радовались им и гордились мною!

**У каждого в жизни бывает увлечение, но не у всех оно перерастает в профессию. Как Вы шли к исполнению своей цели?**

- Я была увлечена шитьем еще с детства. В ход шли даже обыкновенные лоскутки из различных тканей, и смотрелось сотворенное платье очень даже оригинально. Любила красиво одеваться, мне нравилось творить. Поэтому сразу же после выпускного я устроилась на работу в ателье, оно тогда находилось в

том здании, где сейчас нарсуд. Хорошо помню тот день, когда мы с подружкой пришли устраиваться в Быткомбинат. Тогда все ателье имели номера, и цех, в который мы пришли был под номером 3, а тот, где я сейчас работаю, под номером 2. Мы зашли к началь-



нику цеха, она пригласила закройщицу Фролову Раису Петровну. На всю жизнь запомнила ее слова после наших ответов об огромном желании шить. "Надо любить свою работу, тогда все и получится". И с того времени, я как бы получила ее благословение.

Придя в Быткомбинат, я уже умела шить платья, хотелось научиться шить и верхнюю



одежду.

Была молодой, полной энергии, поэтому не замечала времени, занимаясь любимой работой. Покупала модные люрековые ткани, и шила из них все, что было актуально в то время. Машинка строчила и день и ночь. Пальто, шубки, брюки, рубашки, костюмы... Одевалась со вкусом сама и обшивала своих детей. Ни у кого не было таких нарядов, потому что они были сотворены с любовью и согреты теплом моих рук.

**Ваша семья - Ваша поддержка. Что она значит в Вашей жизни?**

заболел, была рядом с ним, и мы вместе преодолели все трудности, которые стояли на его жизненном пути. И я поняла, что я сильная женщина, смогу все выдержать и не упасть духом, потому что в меня верит очень близкий мне человек, мой муж.

Два сына - Кайрат и Марат, наших два верных крыла, два внука Эмиль и Адиль, соответственно 21 год и 15 лет, и очаровашка Айлин. Она еще совсем кроха. Все они-наша гордость, дыхание, жизнь!

**Считаете ли Вы себя счастливым человеком. И в чем заключается Ваше счастье?**

- Прошло уже шесть лет, как я на пенсии, но продолжаю заниматься любимым делом в своем родном Быткомбинате. И для меня нет высшей награды, чем благодарные улыбки клиентов и их доброжелательные отзывы. Исчезает усталость и появляется еще большее желание быть нужным и полезным людям.

А еще я любящая и любимая жена, мама, бабушка. Такие высокие звания ко многому обязывают. И я стараюсь быть самой лучшей для своих детей и внуков.

Да и жизнь, сама по себе, это уже счастье!

Мне дано видеть, как растут и взрослеют мои внуки, дарить им частичку своего сердца. Меня поймут те, кто испытал эти эмоции и сохранил их навсегда в своей душе.

...28 июня за семейным столом соберутся дети, внуки, родственники, друзья, чтобы отметить День рождения своей драгоценной мамы, бабушки, близкого и родного им человека. Мы присоединяемся ко всем пожеланиям, которые будут звучать в этот день и желаем уважаемой Шолпан Камзеевне оставаться оптимисткой по жизни, и продолжать сиять тем внутренним светом любви, который может изменить этот мир. Сделать его красивее и добрее!

- У меня очень хороший муж - Бейспеков Женис Кешубаевич. Когда мы с ним познакомились, то в нем чувствовался мужской стержень, надежность и опора во всем. А еще он был душой компании и очень красиво танцевал. Я за ним как за каменной стеной.

Мы обещали быть верны друг другу и в горе, и в радости. Поэтому когда он серьезно



ҚАЛА ТЫНЫСЫ



САРАНДА ОБЛЫС АРДАГЕРЛЕРІНІҢ КӨШПЕЛІ СЕМИНАР-КЕҢЕСІ ӨТТІ

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

**21 маусым күні Саран қаласында облыстық ардагерлер кеңесінің көшпелі семинар-кеңесі өтті. Келелі кездесуде орамды ой, парасатты пайым мен салықалы пікір ортаға салынды.**



Ардагерлер қалаға кіреберісте көзге түсетін заманауи архитектуралық үлгіде жасалған «Saran» деген жазуы бар арканың алдында шашу шашылып, кара домбыраның күмбірлеген үнімен салтанатты түрде қарсы алынды. Кейін қала әкімінің орынбасары Сағынбек Бейскеев пен облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралды Төреғожин, қалалық мәслихаттың төрағасы Өміржан Баймағанбетов пен қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жұмабике Тоқушева Жеңіс Стелласына гүл шоқтарын қойып, Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгерлердің рухына құрмет көрсетті.

Ардагерлер Саран қаласының қақ ортасында орналасқан мәдениет үйінің ішінде аралап көрді. Онда Саран қаласының суретшісі Қайрат Кожухов өзінің авторлық туындыларымен таныстырса, қаламыздың тағы белді суретшісі Е. Мурашов ізгі ілтипатын білдіре отырып, сый-құрметпен суретін табыс етті. Қылқалам шеберлеріне қоғамдық-саяси өмірге белсенді қатысқандары үшін облыстық ардагерлер кеңесінің алғыс хаты берілді. Әрбір ауқымды іс-шараларда өзінің рухани азығымен көзге түсіп жүретін қалалық орталық кітапхана «Саран - жер бетіндегі ең жақсы қала» тақырыбындағы кітап көрмесін ұйымдастырды. Саранның тарихы, көңілі кең тұрғындардың естеліктері, қаланың танымал ақындарының

жинақтары назарға ұсынылды. 44803 әскери бөлімінің С-300 зениттік-зымырандық дивизион командирінің Тәрбие және Идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары Рамазан Бахтияров Ұлы Отан соғысынан бастап қазіргі уақытты қамтыған диорамасына шолу жасады. Ағаштан, қағаздан, тіпті сіріңкенің шіесінен жасалған жауынгерлік машиналар дәлме-дәл түп нұсқаға ұқсатып істелінген.

Кейін ардагерлер қауымы Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжге бет бұрды. Абайтану кабинетін, естеліктерге толы мұражайын аралап, негізгі семинар-кеңесті өткізуге көшті.

Облыстық ардагерлер кеңесі жылына бір рет көшпелі семинар-кеңес жүргізіп,



Семинар-кеңесте қалалық ардагерлер кеңесінің осы уақытқа дейін атқарған жұмысы талқыға салынды. «Ардагер

дергіне айналған лудомания, ойын құмарлық тақырыбы кең талқыланды. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралды Төреғожин өз сөзінде жастарды жаман әдеттерден арылтып, пайдалы істерге, жақсы жолға салу керектігін жеткізді.

Тәлімді де тағылымды семинардың соңында ел ішінде өздерінің биік парасаттарымен, кейінгі толқынға темірқазық болып, жол сілтеп жүрген бір топ ардагер Құрмет, Алғыс хаттармен және медальдармен марапатталды. Саран қаласының ардагерлер кеңесіне қазақтың ұлттық аспабы – домбыра сыйға тарту етілді. Қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі Айман Хайруллинаға «Қарағанды облысының құрметті ардагері» төсбелгісі табысталды. Сонымен қатар ардагерлер кеңесінің төрағасы Жұмабике Тоқушева, ардагерлер кеңесінің мүшелері: Тамара Кучеренко, Нина Порохненко мен Надежда Скачкова «Саран қаласының Құрметті ардагері» төсбелгісімен марапатталды.

Орамды ой мен салықалы пікірге толы отырыстан соң ардагер қауымы қалалық ардагерлер кеңесіне, Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде болды. Заманға сай етіп жасалған білім орданың кабинеттері мен спортзалын қарап, спорт ойындарын ойнап көрді. Ең соңында, РТБ индустриялық аймаққа барды. Онда тұрмыстық техника шығаратын «Silk Road Electronics» және көлік дөңгелегін шығаратын «KamaTyresKZ» зауыттарының ішін аралап, жұмыс барысымен танысты.

Күннің ыстығы мен суығына қарамастан ардагерлер өздеріне жүктелген міндетті абыроймен енсеріп келеді. Болашақ жастарға зор сенім білдіре отыра, өнегелі үлгісін көрсетуде.



сол өлкенің жұмысымен етене танысып жүр. Мәселен былтыр Ақтоғай ауданында болса, биыл желтоқсан айында 70 жылға толатын Саран қаласына тоқталған.

Облыстық ардагерлер кеңесінің өзінің іс жоспары бойынша жыл сайын осындай жиындарды ұйымдастырамыз. Былтыр Ақтоғайда болғанбыз, оның алдында Жаңаарқада, Теміртауда болдық. Жалпы айтқанда, әр қала, аудандарда осындай шара өткізіп жүрміз. Оның мақсаты – осы Қарағанды облысының өңірлерімен, жақсы-жақсы шаралармен таныстыру. Мінекей, бүгін Саранға келіп тұрмыз. Саран – тамаша қала. Көркейіп келе жатыр, - деді облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралды Төреғожин.

ұйымы» РҚБ Саран қалалық филиалының төрағасы Жұмабике Тоқушева егде адамдардың әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін қорғау, тұрғын үй, тұрмыстық жағдайын жақсарту жөніндегі жұмыс тәжірибесімен бөлісіп, ұйымдастырған іс-шаралармен таныстырды. Қазіргі таңда Саран қаласында 7 мыңнан астам ардагер тұрады. Оның 198-і тыл еңбеккері. Аға буын өкілі жастармен кездесіп, ақыл-кеңестерімен, өмірлік тәжірибесімен бөлісіп тұрады. Атаулы іс-шараларға белсене қатысып, өзінің сүбелі үлесін қосуда. Сондай-ақ, семинарда Теміртау қаласы мен Осакаров, Қазыбек би атындағы аудандарда атқарылған жұмыстар тыңдалды. Одан бөлек қоғам



## СПОРТ



## СПОРТИВНЫЕ ДОСТИЖЕНИЯ ГОРОДА



В прошедшее воскресенье в спортзале школы имени А. Кунанбаева 23 июня 2024г. состоялось Первенство города Сарани по Фунакоши каратэ.

Всего в соревнованиях приняли участие 50 спортсменов из г. Караганды, г. Шахтинска и г. Сарани.

Данное мероприятие было организовано ГУ «Отдел культуры, развития языков, физической культуры и спорта» г. Сарани и ОО «Федерация Фунакоши каратэ Карагандинской области».

Нашу команду (клуб «Годан» секции

каратэ-до г. Сарани) представляли 18 человек в возрасте от 6 до 14 лет. Ребятам удалось завоевать 27 медалей. Из которых одиннадцать – золотых, одиннадцать – серебряных и пять – бронзовых медалей.

Соревнования проходили по двум дисциплинам «ката» и «кумитэ». Причем в кумитэ в каждой возрастной подгруппе было по 2 - 3 весовых категории, а ката проходили для разных возрастных подгрупп в формате оценивания по баллам.

В программе ката золотые награды завоевали:

- Фараносова Варвара в возрасте 7-9 лет;

- Измайлов Али в возрасте 9-10 лет;

- Халитов Равиль в возрасте 13-14 лет;

- Гуреева Альмира в возрасте 13-14 лет.

Также серебряные награды в этой дисциплине команде клуба «Годан» принесли: - Ануарбекова Диана в возрастной категории 7-9 лет, - Даев Анзор в возрастной категории 9-10 лет; - Циома Лидия в возрастной категории 11-12 лет; -Беляев Арсентий в возрастной категории 11-12лет; - Авазхонов Лазиз в возрастной категории 13-14лет.

Бронзовую награду в программе ката в возрасте 11-12 лет завоевал Шпеаев Богдан.

В программе кумитэ бои проходили до двух баллов системы shobu-irppon во всех возрастных подгруппах согласно правилам Ассоциации Фунакоши шотокан каратэ FSKA. Здесь нам удалось завоевать семь золотых, пять серебряных и четыре бронзовые награды.

Золото в кумитэ команде клуба «Годан» принесли: - Ануарбекова Диана в абсолютной весовой категории в возрастной группе 9-10 лет; Даев Анзор в возрастной группе 9-10лет свыше 35кг; Циома Лидия в возрастной группе 11-

12 лет до 35кг; Жұбандық Дәуірхан в возрастной группе 11-12 лет до 40кг; Данильченко Давид в возрастной группе 11-12 лет среди спортсменов 9-7кю свыше 50кг; Шпеаев Богдан в возрастной группе 11-12 лет среди спортсменов 3-2кю свыше 50кг; Авазхонов Лазиз в возрастной группе 13-14лет среди спортсменов 2-1кю.

Серебряные награды в кумитэ завоевали: Фараносова Варвара в абсолютной весовой категории в категории 9-10 лет; - Севостьянов Виталий в категории 9-10 лет свыше 35кг; Огурцов Ярослав в возрастной группе 11-12 лет среди спортсменов 9-7кю свыше 50кг; Беляев Арсентий в категории 11-12 лет среди спортсменов 3-2кю свыше 50кг и Халитов Равиль в возрастной группе 13-14лет среди спортсменов 2-1кю.

Бронзовые медали в программе кумитэ завоевали: Гаврилов Никита в абсолютной весовой категории возрастной группы 6-7 лет; Даудрих Мирослав в категории 9-10лет до 35кг; Самойленко Максим и Ануарбеков Ануархан в категории 11-12 лет до 40кг.

**А. Иверская,**  
тренер клуба Годан

#СалауаттыҰрпақ

24-28.06  
РЕПРОДУКТИВТІ  
ДЕНСАУЛЫҚ АПТАЛЫҒЫ

#СалауаттыҰрпақ

24-28.06  
НЕДЕЛЯ  
РЕПРОДУКТИВНОГО ЗДОРОВЬЯ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САЯСАТЫ



**БИЫЛ САРАН ҚАЛАСЫНЫҢ  
ТІЛДЕРДІ ДАМУ  
ОРТАЛЫҒЫНА – 10 ЖЫЛ**



Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

**Он жыл бұрын, дәлірек айтқанда 2014 жылдың 8 тамызынан бастап Саран қаласында «Саран қаласының тілдерді дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жұмыс істей бастады. Бүгінде орталық өзіне жүктелген қызметті абыройлы атқарып, тың жобалармен көзге түсуде.**

Қаламызда мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңына және Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2023-2029 жылдарға арналған мемлекеттік тұжырымдамасына сәйкес жүргізіледі. Орталықтың есігі тіл үйренемін деген кез келген тұрғынға ашық. Оған жүгінген азамат мемлекеттік және ағылшын тілдерінен тегін оқи алады. Тек қана меңгеріп қана қоймай, республикалық, облыстық, қалалық шараларға қатысып, білімін шыңдау мүмкіндігі ұсынылады. Ең бастысы – адамның ішкі ниеті мен қалауы. Себебі оқыту курстары онлайн да, офлайн түрде де өтеді. Тындаушылардың сабағын қызықты әрі танымды ету мақсатында сабақта «LearningApps», «Kahoot», «Quizlet», «Wordwall», «Quizizz», «ClassFlow», «Book Creator» секілді заманауи сервистер пайдаланылады.

Қалалық тілдерді дамыту орталығының директоры Альбина Нурмаханованың айтуы бойынша биыл мемлекеттік тілді оқыту курсына 130 адамды, ағылшын тілі бойынша 80 адамды қамту жоспарлануда.

Орталықтың негізгі миссиясы – ересек тұрғындарға тілдерді оқытып-үйрету. Жылдан-жылға мемлекеттік тілді үйренуге қала тұрғындарының арасында сұраныс артып келеді. Курсты аяқтап, сертификатқа ие болған тыңдаушылармен байланыс үзілмейді. Курстан алған білімдерін шыңдап, қалалық, облыстық, республи-

калық деңгейдегі іс-шараларға қатысады. Мысалы, өткен жылы жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін республикалық «Мен қазақша сөйлеймін» акциясына қатысып, облыс бойынша Саран қаласы ерекше белсенділік танытты. Сонымен қатар, курсты аяқтағандардың арасында «Үздік тыңдаушы», қала мектептерінің ұлты қазақ емес бастауыш сынып оқушылары арасында «Мемлекеттік тіл - мерейім», мемлекеттік қызметкерлердің арасында «Ұлттық ономастика - ел айнасы», үш тілді жетік меңгерген қала жастары арасында «Тіл шебері» атты байқаулары дәстүрлі түрде өтеді. Қаламыздың тіл мамандарына арнап «Тілдерді оқыту: әдіс, тәжірибе, инновация», «Латын графикасына көшу – өркениет биігіне көтерілу» тақырыбында семинар-практикумдар өткізіледі, - деді қалалық тілдерді дамыту орталығының директоры.

Одан бөлек тіл еріктілерінің қатысуымен Саран қаласында «Қазақ тілі: жүзгәйік және ізіңгәйік» акциясы өткізілген. Бұл акцияны енді Ақтас кентінде жалғастыру жоспарлануда. 2021 жылы құрылған «Мәміле» сөйлесу клубы да өз жұмысын тоқтатпаған. Оқу орталығының әлеуметтік парақшасында да «Перевод дня», «Топ слова», «Qazaqsha sóile», «Тілашар», «Знать казахский – модно» «Әуен life» айдарлары тұрақты түрде жүргізіліп тұрады. Осы іс-шаралардың барлығы тыңдаушылардың зейінін арттыруға, қала тұрғындарының сауаттылығын дамытуға бағытталған.



**«Казахский язык для всех»**

В целях создания условий для изучения государственного языка открываем рубрику «Казахский язык для всех».

Здесь собраны ситуационные диалоги и фразы, с помощью которых можно поддержать беседу, а так же задать интересующие вопросы.

№3 сабақ  
Халыққа қызмет көрсету орталығында  
В ЦОНе

Доброе утро!	Қайырлы таң!
Здравствуйте?	Сәлеметсіз бе?
Что хотели?	Қандай жұмыспен келдіңіз?
Хотела бы прописаться.	Тіркелейін деп едім.
По какому адресу?	Қай мекенжай бойынша?
Победы, 35, квартира 40	Жеңіс көшесі, 35, 40-пәтер
Временно или постоянно?	Уақытша ма, әлде тұрғылықты ма?
Постоянно.	Тұрғылықты.
Кто собственник? Он с Вами? Без него мы не можем Вас прописать.	Пәтер иесі кім? Сізбен бірге ме? Иесі болмаса, Сізді тіркей алмаймыз.
Да, она со мной.	Иә, ол менімен бірге
Хорошо, вот Ваш талон, ожидайте	Жаксы, талоныңызды алыңыз, кезегіңізді күтіңіз
Подойти к 3-ему окошку.	3-терезеге барыңыз.
Давайте Ваши документы.	Құжаттарыңызды беріңіз.
Заполняйте эти документы.	Мына құжаттарды толтырыңыз.
Все я Вас зарегистрировала, Вы уже прописаны по адресу Победы, 35, квартира 40.	Сізді тіркедім. Сіз енді Жеңіс көшесі, 35, 40-пәтер мекенжайы бойынша тіркеліп тұрсыз.
Спасибо большое. До свидания!	Көп рақмет. Сау болыңыз!

Также Вы можете закрепить свои знания, перейдя по этому QR коду



**Ақтас кенті тұрғындарының назарына!**

2024 жылғы 28 маусымда Ақтас кентінің әкімі Бауыржан Заруханұлы Аканов Ақтас кентінің тұрғындарымен кездесу өткізеді.

Кездесу сағат 19.00-де Ақтас кентінің мәдени-сауық орталығының алаңында өтеді.

Сіз өзіңіздің өтініштеріңіз бен ұсыныстарыңызды (жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін (түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін) 8(72137) 5-50-24 телефон нөмері арқылы немесе aktas\_apparat@krg.gov.kz электрондық поштасына жібере аласыз.

**К сведению жителей поселка Актас!**

28 июня 2024 года аким поселка Актас Аканов Бауыржан Заруханович проведет встречу с жителями.

Встреча с населением состоится в 19.00 часов на площади культурно-досугового центра поселка Актас.

Свои обращения и предложения можно направить по телефону: 8(72137) 5-50-24 в будние дни с 9.00 до 18.30 часов (с перерывом на обед с 13.00 до 14.30 часов) или на электронный адрес: aktas\_apparat@krg.gov.kz.

**РЕКЛАМА  
ОБЪЯВЛЕНИЯ  
ПОЗДРАВЛЕНИЯ**



**ПОДПИСКА**

**ИНДИВИДУАЛЬНАЯ:  
ГODOVAYA - 4000 ТГ.  
ПОЛУГODOVAYA - 2000 ТГ.  
ТРИ МЕСЯЦА - 999 ТГ.**

**АЛЬТЕРНАТИВНАЯ:  
ГODOVAYA - 3000 ТГ.  
ПОЛУГODOVAYA - 1500 ТГ.  
ТРИ МЕСЯЦА - 750 ТГ.**

**ЮРИДИЧЕСКАЯ:  
ГODOVAYA - 6218 ТГ.  
ПОЛУГODOVAYA - 3109 ТГ.**



**Азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс туралы хабарландыру**

«Саран қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ (101200, Қарағанды облысы, Саран қаласы, Жамбыл көшесі, 85 А, анықтама үшін тел.: 8(72137) 5-06-14, азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды: «Саран қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Саран қаласының Мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры.

Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптар: кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамыдың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-сауық жұмысы) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім) және мәдениет саласында немесе басшылық лауазымдарда 3 жылдан кем емес.

Мәдениет саласындағы немесе азаматтық қызметшінің басшы лауазымдарындағы еңбек сіңірген жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 225 102 теңгеден 272 930 теңгеге дейін еңбек сіңірген жылдарына байланысты.

Функционалдық міндеттері: мәдени-сауық ұйымдарының қызметтеріне басшылық етеді; шығармашылық, әдістемелік, мәдени-ағартушылық жұмыстарды жүзеге асыруды, жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады; байқаулар мен фестивальдерді, халық шығармашылығы конкурстарын, көркемөнерпаз жетекшілерінің семинарларын дайындауды және өткізуді қамтамасыз етеді; көркемөнерпаз ұжымдарының қызметін бақылауды жүзеге асырады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар: бекітілген нысан бойынша конкурсқа қатысу туралы өтініш; мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме; жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; білімі туралы құжаттардың көшірмелері; еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылдау және еңбек шартын тоқтату туралы бұйрықтардың көшірмелері; жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама; сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің болуы немесе болмауы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттардың, ғылыми жарияланымдардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнынан басшылықтан ұсынымдар және т.б.) ұсына алады. Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде ұсынылуы тиіс.

**Объявление о конкурсе на занятие вакантной должности гражданского служащего**

ГУ «Отдел культуры, развития языков, физической культуры и спорта города Сарани» (101200, Карагандинская область, город Сарань, ул. Жамбыла 85 А, тел. для справок: 8(72137) 5-06-14, объявляет конкурс на занятие вакантной должности гражданского служащего: директора коммунального государственного казенного предприятия «Дом культуры города Сарани» государственного учреждения «Отдел культуры, развития языков, физической культуры и спорта города Сарани».

Требования к участникам конкурса: высшее (или послевузовское) образование по одному из направлений подготовки кадров: педагогические науки (подготовка педагогов с предметной специализацией общего развития, по гуманитарным предметам, по языкам и литературе) и/или искусство и гуманитарные науки и/или социальные науки, журналистика и информация и/или бизнес, управление и право и/или услуги (туризм, культурно-досуговая работа и стаж работы не менее 3 лет в сфере культуры или на руководящих должностях.

Должностной оклад в зависимости от выслуги лет в сфере культуры или на руководящих должностях гражданского служащего от 225 102 тенге до 272 930 тенге.

**Функциональные обязанности:**

Руководит деятельностью культурно-досуговой организации; организует осуществление творческой, методической, культурно-просветительской работы, работу по борьбе с коррупцией; обеспечивает подготовку и проведение смотров и фестивалей, конкурсов народного творчества, семинаров руководителей художественной самодеятельности; осуществляет контроль за деятельностью художественных самодеятельных коллективов.

Необходимые для участия в конкурсе документы: заявление об участии в конкурсе по утвержденной форме; резюме на государственном и русском языке; копии документов об образовании; копия трудовой книжки (при ее наличии) или трудового договора, либо выписки из приказов о приеме и прекращении трудового договора с последнего места работы; копия документа, удостоверяющего личность; справка о состоянии здоровья по утвержденной форме; справки о наличии либо отсутствии сведений о совершении коррупционного преступления; об отсутствии судимости и об отсутствии административных правонарушений.

Участник конкурса может предоставить дополнительную информацию, относительно его образования, стажа работы, уровня профессиональной подготовки (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикаций, а также рекомендации от руководства с предыдущего места работы и т.п.). Документы должны быть представлены в течение 15 календарных дней со дня публикации объявления о проведении конкурса.



**Подавайте  
объявления  
НЕ ВЫХОДЯ  
ИЗ ДОМА!**

**+7 775 945 23 23**  
ПН-ПТ С 9.00 ДО 18.00 ЧАСОВ

**Саран газеті**

Директор ТОО «Саран тынысы», главный редактор Б.Е. МАЙПАСОВА

Газета зарегистрирована в Министерстве информации и коммуникаций Республики Казахстан. Свидетельство 16307-Г от 18.01.2017 г. (номер и дата первичной постановки на учет № 869-Г, 16.09.1999 г.)

Собственник: ТОО «Саран тынысы»

Адрес редакции: 101200 г. Сарань, ул. Жамбыла, 69/1  
Тел., факс: 5-10-15 sarangazeti@mail.ru

Выходит два раза в неделю, форматом А3 Тираж 1001

Газета набрана и сверстана в редакции

Отпечатано в ТОО «Типография "Арко" 100009 г. Караганда, ул. Сатпаева, 15

Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность сведений, содержащихся в публикациях и рекламном тексте, несут авторы публикаций и рекламодатели.

Распространяется по подписке и в розницу в г. Сарани и пос. Актас

Печать офсетная. Заказ № 51